

ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР

ГУМАНИТАРНЫЕ И СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ НАУКИ

ҒТАМР 03.41.01.

Касенов М.С.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

kasenov.1959@mail.ru

НАРЫН ҚҰМЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ

Аңдатпа

Мақалада Атырау облысының Исатай және Құрманғазы ауданы аймағында жатқан Нарын құмында жүргізілген археологиялық барлау жұмысы баяндалады. Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі 2019 жылы тамыз, қыркүйек айларында, жаңадан тарихи - мәдени ескерткіштерді анықтау мақсатында экспедициялық жұмыс жүргізді. Нарын құмынан тас, қола, темір және ортағасырлық ескерткіштер анықталды. Сонымен бірге XVIII-XX ғасырлар тән кесене, құлпытас және басқа да құрлыс орындары табылды. Біз өз мақаламызда тек темір дәуірінің ескерткіштерін ғана атамақпыз [1].

Негізгі сөздер: ерте темір дәуірі, мәдениет, дәстүр, жерлеу салты, сарматтар, мекендеу аймағы.

Бүгінгі таңда тас дәуірінен бері сақталып, анықталған көне тұрақтар, ерте темір дәуірлік сарматтық қорғандар мен құмтөбелі қабірлер, ортағасырлық қалалар мен керуен сарайлар, Атырау өңірі көне заманнан адамдар мекендеген аймақ екенін дәлелдеуде.

Атырау облысының аумағында көптеп кездесетін археологиялық нысандардың бірі – көне обалар, қорғандар. Қазіргі уақыттың өзінде тарихи-мәдени мұра объектілерінің тізіміне енгізілген мұндай археологиялық нысандардың саны жүздеп саналады. Олардың негізгі бөлігі Құрманғазы, Исатай аудандарының солтүстік бөлігі, Махамбет пен Индер аудандарының батыс аумағында кездеседі.

Тек Батыс Қазақстан аймағында ғана кездесетін сарматтық «Құмтөбелі қабірлер» өзінің құрлысымен ерекшеленеді. Бұл қабірлер тек б.э.д.VIII-I ғасырларда сарматтар мекендеген Тайсойған, Бүйрек, Нарын, Сарықамыс [2], құмдарында пайда болған.

Сонымен бірге бұл аймақта тастан жасалған сәулет құрылысының ерекше түрлері «қойтас», «қошқартас», жәшік-саркофагтар (сандықтастар), қабір үсті белгілері, күмбезді мазарлар мен құлпытасстар шоғырланған

кешендердің саны басым. Сонымен қатар, олардың құрамында XIX ғасырға жататын көне мешіттер де кездеседі.

Индер, Махамбет, Исатай аудандарының аумақтарында жоғарыда аталған ескерткіштерді негізінен шикі кірпіштен (саман тас) тұрғызған. Ресеймен шектесетін Құрманғазы өңірі мен Исатай ауданының батыс бөлігінде сағанатам мен мазарлар ағаштан жасалған.

Құрманғазы ауданы жеріндегі Нарын құмындағы обалар туралы мәліметтер: - «Исатай және Құрманғазы аудандары. Атырау - Алматы, 2012. II том», - ескерткіштер жиынтығында жарияланды. [3]

Соңғы уақыттарда анықталған археологиялық ескерткіштерді зерттеуде археологтар З.Самашев пен Л.Л. Галкиннің үлесі зор.

Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының Ө. Марғұлан атындағы Археология институтының «Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы», 1989-2004 жылдар аралығында З.Самашевтың басшылығымен Жылыой, Мақат, Құрманғазы аудандарына археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде неолит және ерте темір дәуіріне жататын көптеген тұрақтар мен қорғандар анықталды.

Сонымен қатар, соңғы уақытта тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтауда Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының да үлесі бар. [4].

2019 жылдың тамыз-қыркүйек айлары аралығында жүргізілген зерттеу жұмыстары Атырау облысы аумағына енетін Нарын құмы аумағында жүзеге асты. Мақсаты, аталмыш құмды аймақтың археологиялық және сәулеттік маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштерін анықтау болып табылады. Өйткені, бұл аймақ күні-бүгінге дейін тыңғылықты зерттелінбеген аумақтардың бірі саналады [5].

Нарын құмы – Каспий маңы ойпатының солтүстік-батыс бөлігінде, Еділ мен Жайық өзендері аралығында орналасқан. Әкімшілік тұрғыдан Атырау облысының Исатай, Құрманғазы, Махамбет аудандарын және Батыс Қазақстан облысының Бөкей Ордасы, Жаңақала және Ақжайық ауданының оңтүстік бөлігін қамтиды. Аумағы 40 мың км². Құмды өңір орта есеппен теңіз деңгейінен 21 м, төмен жатыр. Өңір Каспий теңізінің Хвалын және Хазар кезеңдерінің шөгінділерінен түзілген. Батпайсағыр, Бозанай, Қосдәулет, Ментеке Теректіқұм, Жаманқұм, Орда, массивтерінен тұрады. Солтүстік – шығысын Қамыс - Самар жайылмасы алып жатыр. Аңызақ жел, шаңды дауыл жиі соғады. Тұрақты ағатын өзен-жылғалары жоқ. Жер астының тұщы су қоры (1,5–2 м., тереңдікте) мол. Құдықтар мен шұрайлы жерлер көп. Қараөзеннің және Сарыөзеннің көктемгі жайылма ағыны кейде Нарын құмының солтүстік жағын суландырады. Топырақ жамылғысы негізінен бозғылт қоңыр, құмдақты-саздақты, сортаңды сұр топырақтан тұрады.

Нарын құмы аумағына жүргізілген кешенді этно-археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде барлығы 84 тарихи-мәдени мұра нысаны анықталды. Оның ішінде археологиялық объектілердің саны – 58, сәулет ескерткіштерінің (ансамбль) саны – 26.

Анықталған нысандардың негізгі бөлігін тас пен қола дәуірлерінің және ерте темір дәуірінде мекен еткен қауымдардың белгілі бір уақытқа тұрақтанған мекендері (тұрақтары) және ерте темір дәуірлік қорғандар және XIX – XX ғасырдың бас кезіне жататын сәулет ескерткіштері болып есептелетін құлпытастар шоғырланған қорымдар құрайды. Бұл аймақта осындай тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің көптеп анықталуы, бұл жерлерді көнеден адамдардың мекен еткендігін дәлелдеп отыр. Қазірдің өзінде Нарын құмы алқабы жер асты тұщы суы мол, шөбі шүйгін мал шаруашылығын дамытуда ең қолайлы аймақ саналады. Табылған обаларға сипатама берейік.

Бағырлай 1 қорғаны. N 48° 24, 011'; E 51° 26, 766'. Ерте темір дәуірі. Мекен-жайы: Индер ауданы, Есбол ауылынан солтүстік-батыста 8 км., қашықта. Бағырлай 1 қорғаны ерте темір дәуірінен сақталған ескерткіш саналады. Қорғанның диаметрі - 61 м, биіктігі - 1,6 м. Айналасында оңтүстік және солтүстігінде, сонымен қатар үстінде ордың орны бар. Үстіңгі бөлігінде геодезиялық үшбұрыш белгісінің орны байқалады. Құрылысы құмды топырақтан үйілген.

Бағырлай 2 қорғандары (2). N48° 22, 233'; E51° 23, 769'. Ерте темір дәуірі. Қорғандар Индер ауданы Есбол ауылынан батысқа 11 км., жерде орналасқан. Бірінші қорғанның диаметрі - 20 м, биіктігі - 0,6 м, екінші қорғанның диаметрі - 7 м, биіктігі - 0,5 м. Айналасында және үстіңгі бөлігінде ордың орны бар. Құрылысы құмды топырақтан үйілген.

Бағырлай 3 қорғаны. N 48° 21, 866'; E 51° 23, 144'. Ерте темір дәуірі. Қорғандар Индер ауданы Есбол ауылынан батысқа 10,5 км, қашықта. Қорғанның диаметрі - 50 м, биіктігі - 1,5 м. Айналасында және үстінде ордың орны бар. Үстіңгі бөлігінде геодезиялық үшбұрыш белгісінің орны байқалады. Құрылысы құмды топырақтан үйілген.

Топырақ жайған қорғаны. N 48° 09, 892'; E 51° 15, 228'. Ерте темір дәуірі. Индер ауданы Көктоғай ауылынан батысқа 21 км, Бағырлай каналының жағалауында, Нарын құмының шығыс етегінде орналасқан. Қорғанның диаметрі - 25 м, биіктігі - 0,5 м. Айналасында және үстінде ордың орны бар. Үстіңгі бөлігінде геодезиялық үшбұрыш белгісінің орны байқалады. Құрылысы құмды топырақтан үйілген.

Бесікті қорғаны. N 47° 20, 749'. E 50° 32, 597'. Ерте темір дәуірі. Исатай ауданы, Қызылүй ауылынан оңтүстік-батыста 13,5 км, қашықта. Қорғанның биіктігі - 5 м, диаметрі - 25 м. Тас араласқан құм топырақпен үйілген.

Мыңтөбе қорғаны. N 47° 25, 763'; E 49° 56, 757'. Ерте темір дәуірі. Исатай ауданы, Нарын ауылынан солтүстік-батыста 61,5 км, Мыңтөбе елді-мекені маңында. Қорғанның диаметрі -10 м, биіктігі - 0,8 м. Биік төбеде орналасқан. Құрылысы құмды топырақтан үйілген. Үстін шөп басқан.

Тас үйген 2 қорғаны. N 47° 21, 202'; E 49° 56, 512'. Ерте темір дәуірі. Исатай ауданы, Нарын ауылынан солтүстік-батыста 56 км, Мыңтөбе елді

мекені маңында. Қорғанның диаметрі -10 м, биіктігі - 4 м. Биік төбеде орналасқан. Құрылысы тас аралас құмды топырақтан үйілген.

Мыңтөбе қорғандары (5). N 47° 22, 015'; E 49° 53, 040'. Ерте темір дәуірі. Нарын ауылынан солтүстік-батыста 60 км, Мыңтөбе елді мекені маңында. Мыңтөбе қорғандары 5 қорғаннан құралған. Қорғандардың диаметрі -7-10 м, аралығында, биіктіктері - 0,5-0,8 м, аралығын қамтиды. Биік төбеде орналасқан. Құрылысы құмды топырақтан үйілген. Үстін шөп басқан.

Тас үйген 1 қорғандары (2). N 47° 21, 345'; E 49° 57, 070'. Ерте темір дәуірі. Нарын ауылынан солтүстік-батыста 55,5 км, Мыңтөбе елді мекені маңында. Нысан 2 қорғаннан құралған. Қорғандардың диаметрі -10 м, және 15 м, биіктіктері - 0,9 м, және 1,5 м. Биік төбеде орналасқан. Құрылысы тас аралас құмды топырақтан үйілген. Үстін шөп басқан.

Қорған. N 47° 21, 174'; E 49° 55, 028'. Ерте темір дәуірі. Нарын ауылынан солтүстік-батыста 57,5 км., Мыңтөбе елді мекені маңында. Қорғандардың диаметрі - 7 м., биіктігі -1 м. Биік төбеде орналасқан. Құрылысы құмды топырақтан үйілген. Үстін шөп басқан.

Шалқар қорғандары (3). N 48° 01, 385'; E 48° 55, 702'. Ерте темір дәуірі. Құрманғазы ауданы Үштаған ауылынан солтүстік-шығыста 16 км, қашықта. Нысан әртүрлі өлшемдегі 3 қорғаннан тұрады. Қорғандардың диаметрі -15-20 м, биіктіктері - 0,4-0,8 м, аралығында. Биік төбеде орналасқан. Құрылысы құмды топырақтан үйілген. Үстін шөп басқан.

Қолбас қорғаны. N 48° 58, 781'; E 48° 52, 832'. Ерте темір дәуірі. Құрманғазы ауданы Үштаған ауылынан солтүстік-шығыста -10,1 км, қашықта. Қорғандардың диаметрі -15 м, биіктігі -0,9 м. Биік төбеде, Қолбас қорымының солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Құрылысы құмды топырақтан үйілген. Үстін шөп басқан. Үстінде және жиегінде ордың орындары бар.

Азғыр қорғаны. N 47° 50, 432'; E 47° 55, 197'. Ерте темір дәуірі. Құрманғазы ауданы Азғыр ауылынан шығыста 500 м, қашықта. Қорғандардың диаметрі -10 м, биіктігі -1 м. Биік төбеде орналасқан. Құрылысы құмды топырақтан үйілген.

Құдайберген қорғандары (4). N 47° 41, 584'; E 48° 37,317. Ерте темір дәуірі. Құрманғазы ауданы, Асан ауылынан оңтүстік-шығыста 27 км, қашықта. Нысан Құдайберген деп аталатын биік төбеде орналасқан. Әртүрлі көлемдегі 4 қорғаннан тұрады. Қорғандардың диаметрі - 20-30 м, биіктіктері - 2-3 м, аралығында. Биік төбеде, оңтүстіктен солтүстікке қарай қатарласа орналасқан. Құрылысы тас араласқан құмды топырақтан үйілген. Батыс жиегінде қиыршық тас өндірген, карьер қазылған. 1 сурет.

Қырықоба қорғандары. N 47° 42, 882'; E 48° 34, 565. Ерте темір дәуірі. Құрманғазы ауданы, Асан ауылынан оңтүстік-шығыста 23 км, қашықта. Аты айтып тұрғандай биік төбеде шығыстан-батысқа қарай қатарласа көптеген қорғандар шоғырланған. Олар оңтүстік-шығыстан, солтүстік – батысқа қарай -800 метрге созылып жатыр.

7 үлкен қорғанның көлемдері әртүрлі, диаметрі - 5-30 м, биіктіктері - 0,5-3 м, аралығында. Ал майда 40 жуық обалар көлемі: диаметрі - 5-10 м, биіктіктері - 0,3-0,5 м, аралығында.

2 және 3 үлкен обаларына жалғасып солтүстікке қарай биіктігі-0,5 м, ені -7 метр жал қорғаны бартөрткіл түрінде құрлыс жасалған көлемі: 70 x 70 м. Ортасы тегіс алаң. Бұл ғибадатхана. Құрылысы тас араласқан құмды топырақтан үйілген. 2 сурет.

Бұндай ғибадатхана қазіргі кезеңде Тайсойған құмдарында жатқан Қарабау обаларында бар. Оның жобасы шеңбер түрінде жасалған [6].

Қырықоба 2 қорғандары. N 47° 42, 909'; E 48° 33, 713. Ерте темір дәуірі. Құрманғазы ауданы, Асан ауылынан оңтүстік-шығысқа 22,5 км, қашықта, Қырықоба қорғанының батыс жағында. Шығыстан-батысқа қарай қатарласа 4 қорған шоғырланған. Көлемдері әртүрлі. Қорғандардың диаметрі - 5 - 20 м, биіктіктері - 0,5 -1,5 м, аралығында. Құрылысы тас араласқан құмды топырақтан үйілген. 3 сурет.


Нарын жерінде жүргізілген археологиялық барлауда ашылған қорғандар ерте темір дәуіріне жатады. Табылған деректер, бұл обалар сарматтардың обалары екенін айғақтайды. Келешекте жалғасатын археологиялық зерттеу жұмыстары ескерткіштердің сырын толық ашады деп ойлаймыз.




1-сурет. Құдайберген қорғандары (4)



2-сурет. Қырықоба қорғандары



3 -сурет. Қырықоба 2 қорғандары (4)



4 -сурет. Нарын құмы



5 -сурет. Нарын құмы

Әдебиеттер тізімі:

1. Атырау облысы Исатай және Құрманғазы аудандары аумағынан жаңадан тарихи мәдени мұра ескерткіштерінің анықтау экспедициясының ғылыми есебі. (Нарын құмы аумағына жүргізілген зерттеу экспедициясы). Атырау, 2019. - 70 б.
2. Касенов М.С. Сарықамыстың археологиялық ескерткіштері // Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. - Атырау, №1 (52), 2019. - 23-36 б.
3. Атырау облысының тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы. Исатай және Құрманғазы аудандары. - Атырау - Алматы, 2012. II том. - 84 -118 б.
4. АЦИА. Атырау облысы аумағында жаңадан сәулет және археология ескерткіштерін анықтау мақсатында жүргізілген зерттеу жұмыстарының ғылыми есебі. - Атырау, 2009. - 30 б.
5. Археологическая карта Казахстана. Алма-Ата, 1960. - С. 136-137.
6. Касенов М.С. Қарабау ғибадатханалары // Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. - Атырау, №2 (53), 2019. - 4 - 16 б.

Аннотация

Рын-пески расположен на территории Исатайского и Курмангазинского района, Атырауской области.

В данном районе открываются многочисленные памятники. Из-за того, что регион, где расположились памятники, является песчаным и засоленным, в настоящее время многие памятники затеряны. Строительные объекты и реликвии лежат в рассыпанном виде на поверхности земли. И на верхнем слое не видны никаких знаков объекта памятников. Эти места археологических памятников заметны только тогда, когда ветер уносит пески, или же во время случайных раскопок.

В 2019 году в августе и сентябре, вновь историко - культурных памятников с целью выявления экспедиций работа. На современном этапе

Рын - пески камня, бронзы, железа и средневековья памятники выявлено. Вместе с тем, XVIII-XX века характерно мавзолей, надгробие найдено мест строительства и другие. В статье мы лишь только перечислим памятников железного века.

Ключевые слова: ранний железный век, культура, традиции, обычаи захоронения, сарматы, зона обитания.

Abstract

Ryn-Peski is located Isatay and kurmangazinsky districts of Atyrau region. Numerous monuments are to be opened in this area.

Due to the fact that the region where the monuments are located is sandy and saline, nowadays many monuments are lost. Construction sites and relics are scattered on the earth. And on the top layer there are no signs of the monuments. These archaeological sites are visible only when the wind carries sands or during occasional excavations. Among the found relics there are tools made of silicon of the Neolithic age – cutting tools, scrapers, drills, arrowheads; also arrowheads, items of jewelry made of bronze of the Bronze age, Iron age.

In 2019, in August and September, again historical and cultural monuments to identify expeditions work. At the present stage, Ryn-Sands of stone, bronze, iron and medieval monuments have been identified. However, the XVIII-XX century is characterized by a mausoleum, tombstone found construction sites and others. In this article we will only list the monuments of the iron age.

Key words: early ferrous century, culture, traditions, customs of burial place, swarmed, zone of habitation.

FTAMP 18.31.21

Садықова А.Т., Ақмұрзиев А.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

a.tazhigalieвна@mail.ru

ПСИХОЛОГИЗМ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ СУРЕТКЕРЛІК ШЕБЕРЛІК

Аңдатпа

Мақалада көркем әдебиеттегі психологизм мәселесінің көрінісі, ақындардың кейіпкердің жан дүниесін бейнелеу шеберлігіне талдау берілді. Жалпы психологизм шығарманың эстетикалық әлемін құрайтын, ішкі ойын, толғанысы мен күйзелісін терең бейнелеу құралы. Мақалада Сағи Жиенбаев пен Төлеген Айбергеновтың зерттеулері және олардың суреткерлік шеберлігі сөз болады.